

1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 18 тамыз N 782

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 қаулысының 2-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне арналған бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі: 1998 жылдың 15 тамызына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес Министрліктің мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекітсін; бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 8 ж ы л ғ ы 1 8 т а м ы з д а ғ ы
N 7 8 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының ТІЗБЕСІ

N	Атауы	1998 жылы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржылан.

		дыру нысаны
8	Демалысты ұйымдастыру және мәдениет саласындағы қызмет	
	Республикалық деңгейдегі әкімшілік шығыстар	Ұстауға Ұстауға
	Орталық органның аппараты	
	Аумақтық органдардың аппараты	
	Баспа басылымдарын сақтау және арнайы пайдалану	Бұл да Бұл да
	Мемлекеттік мекемелер	
	Мемлекеттік кітап палатасы	
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар	Көрсетілген Көрсетілген қызметтер үшін қызметтер және жәрдемақы үшін
	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу	беру
	Теледидар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу	
	Әдебиеттің әлеуметтік-маңызды түрлері бойынша баспа бағдарламаларын қалыптастыру	
	Қазақ диаспорасын қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізу	
	Жастар саясатын жүргізу	
	Мемлекеттік және басқа тілдерді дамыту	
	Іскерлік ынтымақтастық шеңберінде ақпараттық саясатты жүргізу (ТМД елдері арқылы)	
	"Қазақстан-2030" стратегиясын насихаттауды жүргізу	
	Ғимараттарды күту және қызметкерлердің қызметін қамтамасыз ету	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК